

Жоғары білімнен кейінгі кәсіптік білім туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2000 жылғы 6 желтоқсан N 1134 Бұйрық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 10 қаңтар N 1356 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 25 қаңтардағы N 37 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 25 қаңтардағы N 37 бұйрығымен .

-----Бұйрықтан үзінді-----

Нормативтік құқықтық базаны қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналардың күші жойылсын деп танылсын:

1) "Жоғары білімнен кейінгі кәсіптік білім туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 6 желтоқсандағы N 1134 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылы 10 қаңтарда N 1356 тіркелген)...

Министр

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Z990389_ Заңын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН :**

1. Қоса берілген Жоғары білімнен кейінгі кәсіптік білім туралы Ереже бекітілсін.

2. Жоғары білім департаменті (Ә. Әбжаппаров) осы бұйрықты белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Ә. Ахметовке жүктелсін.

Министр

Келісілген:

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау ісі Білім және ғылым министрлігінің
жөніндегі агенттігі 2000 жылғы 6 желтоқсандағы

Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік

білім беру туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы "Білім туралы" Z990389_ Заңының 26 бабына сәйкес жасалды.

2. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім жоғары деңгейдегі үздіксіз білім беру жүйесінде біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауды P950065_ , кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіруге жағдай жасауды мақсат етеді. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім адамның жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін білімін ұлғайту және тереңдету талабын қанағаттандыруға бағытталған.

3. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім азаматтарға білім деңгейін көтеруге, жоғары ғылыми-педагогикалық білім және жоғары арнаулы білім базасы негізінде ғылыми-педагогикалық біліктілігін көтеруге мүмкіндік береді.

4. Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына конкурстық негізде міндетті мемлекеттік тапсырысқа сәйкес тегін жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алуға кепілдік береді.

5. Ғылым және білім саласы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алатын мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырыс орталық атқарушы органдар мамандарымен жыл сайын анықталады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

6. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру ғылыми-педагогикалық және ғылыми кадрлар дайындау қолданыстағы мемлекеттік тапсырыстың үстіне оқуға кететін шығын толық есептеліп және осы ереженің талаптары сақтала отырып, келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

7. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім бойынша ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындауды жоғары кәсіптік білім беретін білім мекемесі және осындай білім беру қызметіне лицензиясы бар ғылыми мекемесі жүзеге асыра алады.

8. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру қызметін жүргізу құқына лицензия алу үшін жоғары оқу орны және ғылыми мекемесі лицензия берушіге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 596 "Білім беру қызметіндегі лицензиялау Ережесін бекіту туралы" P000596_ қаулысына сәйкес керекті құжаттарды ұсынады.

9. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алуға қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, қандайда бір

жоғары кәсіптік білім алғаннан кейін ғана, нақты мамандық бойынша негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасы мазмұнына сай міндетті минимумды тапсырғанда ғана мүмкіндік туады.

10. Жоғары оқу орындарындағы, ғылыми мекемелеріндегі клиникалық ординатурада, аспирантурада, адъюнктурада және докторантурада, аға ғылыми қызметкер қызметіне ауыстыру арқылы, ізденуші есебінде жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алуға болады.

11. Аспирантура - жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны.

12. Адъюнктура - әскери оқу орындарында біліктілігі жоғары ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны.

13. Докторантура - жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны.

14. Клиникалық ординатура - жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білім алу нысаны.

2. Аспирантура мен адъюнктурада ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау тәртібі

15. Аспирантура жоғары білікті мамандары мен бүгінгі күн талабына сай ғылыми-зерттеу және материалдық-техникалық базасы бар, ведомстволық бағыныштылыққа, меншік түріне тәуелсіз жоғары оқу орындарында, ғылыми мекемелерінде, ғылыми мамандарды даярлауға сәйкес тиісті лицензия алған сәттен олардың өтініш етуімен ашылады.

16. Адъюнктура Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті ведомствосына қарасты 15-тармақта келтірілген жағдайларға сәйкес, жоғары оқу орындарында ашылады.

17. Аспирантура мен адъюнктурада жоғары білікті мамандарды даярлауға қойылатын біліктілік талаптары:

1) әрбір ғылыми мамандық бойынша дайындайтын кемінде екі ғылым докторының бар болуы және олардың осы мекемеде тұрақты жұмыс істейтіндігі жөніндегі анықтама;

2) ғылыми мамандарды даярлауға сәйкес келетін ғылыми-зерттеу лабораториясының болуы.

18. Аспирантура мен адъюнктурада ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерінде ғылым саласы бойынша Жоғары Аттестациялық Комиссия бекіткен (одан ары - ЖАК) "Қазақстан Республикасының ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің ғылыми дәрежесін тағайындау жөніндегі мамандықтар номенклатурасына" сәйкес жүзеге асырылады.

19. Аспирантура мен адъюнктураның ашылуы білім саласындағы орталық атқарушы органның бұйрығымен жоғары оқу орнының немесе ғылыми мекеменің өтініш хаты және ЖАК қорытындысы негізінде жүргізіледі.

20. Жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерінде аспирантура мен адъюнктураны ашуға қорытынды дайындау кезінде ЖАК аспирантура мен адъюнктурада жоғары білікті мамандар дайындауға қойылатын біліктілік талаптарының міндеттілік жағдайын, сондай-ақ ғылыми мамандық бойынша жүргізілетін ғылыми семинардағы әрекетін басшылыққа алады.

21. ЖАК қорытындысы үшін жолданатын өтініш хатқа тіркелетіндер:

1) мекеменің ғылыми кеңесінің ашылатын аспирантураның ғылыми мамандығының түрі көрсетілген шешімі;

2) әрбір ғылыми мамандық бойынша дайындайтын кемінде екі ғылым докторының бар болуы және олардың осы мекемеде тұрақты жұмыс істейтіндігі жөніндегі анықтама;

3) тиісті ғылыми мамандықтар бойынша ғылыми-зерттеу және материалдық-техникалық базаның сипаттамасы;

4) соңғы бес жылдағы ғылыми еңбектері және автореферат бойынша мамандық шифры көрсетілген ұйғарылған ғылыми жетекшілер туралы мәлімет;

5) аспиранттар мен адъюнкттарды дайындау бағдарламасы.

22. Аспиранттар мен адъюнкттарды дайындау бағдарламасы тиісті диссертациялық кеңестер жасайды және ЖАК-да бекітіледі.

23. Аспирантура мен адъюнктурада оқу мынадай түрде жүзеге асырылады: күндізгі және сырттай.

Оқу мерзімі жоғары арнайы білім негізінде аспирантураның күндізгі бөлімінде үш жыл, жоғары ғылыми-педагогикалық білім (тиісті мамандық бойынша магистр дәрежесі барларға) негізінде - екі жыл. Сырттай оқу жоғары арнайы білім негізінде - төрт жыл, жоғары ғылыми-педагогикалық білім негізінде (тиісті мамандық бойынша магистр дәрежесі барларға) - үш жыл.

Адъюнктурада оқу мерзімі күндізгі бөлімде - үш жыл, сырттай оқу бөлімінде - төрт жыл.

Аспирантура мен адъюнктурада оқу мерзімі ғылыми-педагогикалық жұмыс өтіліне есептеледі.

24. Аспирантура мен адъюнктурада оқу мерзімін дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК анықтамасы немесе бала тууына байланысты анықтама) қорытындылары негізінде ұзартуға болады:

1) мекеме басшысының бұйрығымен 4 айға дейін;

2) кафедра (бөлім, лаборатория) ұсынысы, ғылыми жетекшінің пікірі бойынша мекеме кеңесінің шешімі негізінде 4 айдан бір жылға дейін.

25. Аспирантура мен адъюнктураға қабылдау емтихандарын тапсыруға жіберілгендерге емтихандарға дайындалу және тапсыру үшін жұмыс орындарындағы еңбек ақылары сақталатын немесе сақталмайтын 15 күнтізбелік күннен тұратын қосымша демалыс берілуі мүмкін.

Кандидаттық емтихандарын ішінара тапсырған аспирантураға түсушілер қалған қабылдау емтихандарын тапсыру үшін әр емтиханға бес күн есебінен берілетін қосымша демалысын пайдаланады.

Қосымша демалыс алуға құқылы екенін растайтын құжат мекеме басшысы қол қойған әңгімелесуге және қабылдау емтиханын тапсыруға жіберілгендігі жөніндегі анықтама қағаз болып табылады.

26. Мекеме Ғылыми кеңесі, әдетте, жеке басшылыққа ЖАК рұқсаты бар ғылым докторы немесе ғылым кандидаты болып табылатын ғылыми жетекшіні бекітеді.

27. Жанаса жүргізілген ғылыми мамандықтар бойынша зерттеуге екі жетекші немесе жетекші және кеңесші тағайындауға рұқсат етіледі.

28. Мекеме Ғылыми кеңесі аспирантура мен адъюнктураға қабылданғаннан кейінгі үш айдың ішінде диссертациялық зерттеулер тақырыбын бекітеді.

29. Ғылыми жетекшіге ақы төлеу бір аспирант немесе адъюнкт үшін бір жылға белгіленетін 50 сағаттың есебінен педагогикалық жұмысқа жүргізіледі, аспирант немесе адъюнктқа екі жетекші бекітілген жағдайда да осы есеп сақталады.

30. Мекемелердің ғылыми кеңестері аспиранттары мен адъюнкттары оқуды диссертациялық жұмыстарды қорғаусыз бітірген ғылыми жетекшілерді үш жылға дейінгі мерзімге жетекшілік етуден аластатуға құқылы.

31. Аспирантура меңгерушісінің қызметі кемінде 50 аспиранты бар жоғары оқу орнында, ғылыми мекемесінде енгізіледі.

32. Аспирант пен адъюнкт мекеме басшыларының келісімімен, оларды жіберуші жақтың өтініші және келісімі бойынша бос орын болған жағдайда бір мекемеден екіншісіне, бір оқу түрінен басқасына ауысуға құқылы.

33. Аспиранттар мен адъюнкттар жеке жұмыс жоспарының орындалуы жөнінде кафедраның (бөлімнің, сектордың, лабораторияның) отырысында мезгілімен есеп береді және жыл сайын құрамына өзінің ғылыми жетекшісі кіретін комиссияның алдында аттестациядан өтеді.

Белгіленген мерзімде жеке жұмыс жоспарын орындай алмаған, кәсіби қағиданы бұзған аспиранттар мен адъюнкттар аспирантурадан, адъюнктурадан шығарылады.

34. Аспирант пен адъюнкт аспирантура мен адъюнктурада оқитын мерзім ішінде белгіленген уақытта төмендегідей жұмыстарды орындауға міндетті:

1) жеке жұмыс жоспарын толық орындау, ғылыми-зерттеулер жүргізудің әдістемесін меңгеру;

2) бағдарламада көзделген ағымдық және кандидаттық емтихандарды тапсыру;

3) көкейкесті тақырып бойынша өзінің жеке ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін кандидаттық диссертация түрінде тапсыру, оның негізгі қағидаларын тиісті ғылыми басылымдарда жариялау;

4) алдын-ала қорғаудан өту.

Аспиранттар мен адъюнкттар оқу мерзімі ішінде оқыту әдістемесі мен информатикадан ағымдық емтихандар, сонымен қатар мемлекеттік тілі, философия, шет тілі мен арнайы мамандық бойынша кандидаттық емтихандар тапсырады.<*>

Арнайы мамандық бойынша кандидаттық емтихан, әдетте, диссертациялық жұмыс қорғауды жоспарлаған мекемеде тапсырылады.

Ескерту: 34-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 28 сәуірдегі N 300 бұйрығымен .

35. Мемлекеттік тапсырыс бойынша күндізгі оқу бөлімінде оқитын аспиранттар мен адъюнкттар белгіленген тәртіп бойынша стипендиямен қамтамасыз етіледі. Стипендия оқуға қабылданған күннен бастап төленеді, бірақ ол бұрынғы жұмыс орнынан босатылған күннен ерте болмауы тиіс.

Аспиранттар мен адъюнкттарға Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясы , атақты ғалымдар атындағы және басқа да арнаулы стипендиялар тағайындалуы мүмкін.

Аспиранттар мен адъюнкттарға жыл сайын стипендиясы сақталатын екі айлық демалыс беріледі.

Тыс жерден келген аспиранттар мен адъюнкттар өз қаржысы немесе оқуға жіберген мекеменің қаржысы есебінен төленетін жайлы-қонақ үй түріндегі жатақхананың жеке бөлмесімен қамтамасыз етіледі.

36. Мақсатты аспирантура мен адъюнктураны бітірушілер өздерін жіберген мекемеге қайтып барулары тиіс. Бармаған жағдайда, олар дайындыққа кеткен шығынды жіберген мекемеге өздерінің есебінен төлейді. Төленуі тиіс шығынды жұмысқа алған мекеме де төлей алады.

3. Клиникалық ординатурада ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау тәртібі

37. Клиникалық ординатурада жоғары білікті мамандары мен бүгінгі күн талабына сай ғылыми-зерттеу, материалдық-техникалық және клиникалық базасы бар, ведомстволық бағыныштылыққа, меншік түріне тәуелсіз медициналық жоғары оқу орындарында, ғылыми мекемелерінде, дәрігерлердің

білімін жетілдіру институттарында ғылыми мамандықтар бойынша даярлауға сәйкес тиісті лицензия алған сәттен олардың өтініш етуімен ашылады.

38. Клиникалық ординатурада жоғары білікті мамандарды даярлауға қойылатын біліктілік талаптары:

1) әрбір ғылыми мамандық бойынша дайындайтын кемінде екі ғылым докторының бар болуы және олардың осы ұйымда тұрақты жұмыс істейтіндігі жөніндегі анықтама;

2) ғылыми мамандарды даярлауға сәйкес келетін ғылыми-зерттеу және клиникалық базалардың болуы.

39. Клиникалық ординатурада ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау медициналық жоғары оқу орындары, ғылыми мекемелер мен дәрігерлердің білімін жетілдіру институттарында ғылым саласы бойынша "Дәрігерлік мамандықтар номенклатурасына", оқу жоспары мен бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады.

40. Клиникалық ординатураның ашылуы мекеменің өтініш хаты негізіндегі Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің бұйрығымен жүргізіледі.

41. Медициналық жоғары оқу орындарында, ғылыми мекемелерінде және дәрігерлердің білімін жетілдіру институттарында клиникалық ординатураны ашуға қорытынды дайындау кезінде Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі жоғары білікті мамандар дайындауға қойылатын біліктілік талаптарының міндеттілік жағдайын басшылыққа алады.

42. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің қорытындысы үшін жолданатын өтініш хатқа тіркелетіндер:

1) мекеменің ғылыми кеңесінің ашылатын клиникалық ординатураның ғылыми мамандығының түрі көрсетілген шешімі;

2) әрбір ғылыми мамандық бойынша дайындайтын кемінде екі ғылым докторының бар болуы және олардың осы ұйымда тұрақты жұмыс істейтіндігі жөніндегі анықтама;

3) тиісті ғылыми мамандықтар бойынша ғылыми-зерттеу, материалдық-техникалық және клиникалық базаның сипаттамасы;

4) ғылыми еңбектері бойынша мамандық шифры көрсетілген ұйғарылған ғылыми жетекшілер туралы мәлімет;

5) клиникалық ординаторлардың дайындау бағдарламасы.

43. Клиникалық ординаторлардың дайындау бағдарламасы кафедраларда жасалады және мекемелердің Ғылыми кеңестерінде бекітіледі.

44. Клиникалық ординаторлардың оқуы медициналық жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің және дәрігерлердің білімін жетілдіру институттарының клиникалық базаларында өтеді.

Клиникалық ординатурада оқу мерзімі - екі жыл.

Клиникалық ординатурадағы оқу мерзімі дәрігердің жұмыс өтіліне есептеледі

45. Клиникалық ординатурадағы оқу мерзімін дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК анықтамасы немесе бала тууына байланысты анықтама) қорытындылары негізінде ұзартуға болады:

1) мекеме басшысының бұйрығымен 4 айға дейін;

2) кафедра (бөлім, лаборатория) ұсынысы, ғылыми жетекшінің пікірі бойынша мекеме кеңесінің шешімі негізінде 4 айдан бір жылға дейін.

46. Кураторларға бір клиникалық ординаторға аптасына 3 сағат көлемінде оқу жүктемесі есептеледі, оның 75% негізгі пән дайындығына, ал 25% үйлес пәндер дайындығына бөлінеді.

47. Мамандықтардың бөлімдері бойынша оқу жүктемесі және емдеу-алдын ала жұмысы жеке жоспармен белгіленеді.

48. Клиникалық ординаторлар мекеме басшыларының келісімімен, клиникалық ординаторды жіберуші жақтың өтініші және келісімі бойынша бос орын болған жағдайда бір мекемеден екіншісіне, бір оқу түрінен басқасына ауысуға құқылы.

49. Клиникалық ординаторлардың күші бар заңға сәйкес қызметтерді басқа мекемелерде қатарластыруға құқы бар.

50. Клиникалық ординаторлар жеке жұмыс жоспарының орындалуы жөнінде кафедраның (бөлімнің, сектордың, лабораторияның) отырысында мезгілімен есеп береді және жыл сайын құрамына өзінің ғылыми жетекшісі кіретін комиссияның алдында аттестациядан өтеді.

51. Белгіленген мерзімде жеке жұмыс жоспарын орындай алмаған, кәсіби қағиданы бұзған клиникалық ординаторлар клиникалық ординатурадан шығарылады.

52. Клиникалық ординаторлар клиникалық ординатурада оқитын мерзім ішінде белгіленген уақытта төмендегідей жұмыстарды орындауға міндетті:

1) жеке жұмыс жоспарын толық орындау;

2) бағдарламада көзделген ағымдық емтихандарды тапсыру;

3) көкейкесті тақырып бойынша өзінің жеке ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін, оның негізгі қағидаларын 1 басылым беттен кем емес тиісті ғылыми басылымдарда жариялау.

53. Мемлекеттік тапсырыс бойынша күндізгі оқу бөлімінде оқитын клиникалық ординаторлар белгіленген тәртіп бойынша стипендиямен қамтамасыз етіледі. Стипендия оқуға қабылданған күннен бастап төленеді, бірақ ол бұрынғы жұмыс орнынан босатылған күннен ерте болмауы тиіс.

54. Тыс жерден келген клиникалық ординаторлар өз қаржысы немесе оқуға жіберген мекеменің қаржысы есебінен төленетін жатақхананың жеке бөлмесімен қамтамасыз етіледі.

55. Мақсатты клиникалық ординатураны бітірушілер өздерін жіберген мекемеге қайтып барулары тиіс. Жіберген мекемеге жұмысқа бармаған жағдайда олар дайындыққа кеткен шығынды өздерінің есебінен төлейді. Төленуі тиіс шығынды жұмысқа алған мекеме де төлей алады.

56. Клиникалық ординатураны бітірушілерге белгіленген түрде куәлік беріледі.

57. Жоғары оқу орындарында профессорлық-оқытушы құрамына уақыттың шығынын компенсациялау үшін клиникалық ординаторлардың оқытуына жүктеме - аптасына 3 академиялық сағат.

4. Докторантурада ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандар даярлаудың тәртібі

58. Докторантура ведомстволық бағыныштылыққа, меншік түріне тәуелсіз, қазіргі заманғы зерттеу және эксперименттік базасы, ғылыми мектебі бар, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды жасауға және жүзеге асыруға белсенді қатысушыларды қабылдайтын жоғары оқу орындарында, ғылыми, және ғылыми өндірістік мекемелерінде (бұдан ары - мекемелер) ашылады.

59. Докторантурада жоғары білікті мамандарды дайындауға қойылатын біліктілік талаптары мынадай:

1) әрбір ғылыми мамандық бойынша дайындайтын ғылым докторларының саны үштен кем болмауы және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін сол мекемеде тұрақты жұмыс істеуі;

2) қазіргі заманғы ғылыми-эксперименттік база бойынша тиісті ғылыми мамандар дайындау.

60. Докторантурада ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау жоғары оқу орындарында және ғылыми мекемелерінде ЖАК бекіткен "Қазақстан Республикасының ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылыми дәреже тағайындау жөніндегі мамандықтар номенклатурасына" сәйкес ғылым саласы бойынша жүзеге асырылады.

61. Докторантураны ашу ЖАК қорытындысы және білім саласындағы мекеменің өтініш-кепілдемесі негізінде орталық атқарушы органның бұйрығымен жүзеге асырылады.

Кепілдеме-өтініште докторантураны ашуға себеп болатын қажеттілік, ғылыми мектептің болуы, көпшілікке танымал болуы және олардың жұмысы үшін талап етілетін жағдайлармен қамтамасыз етуге кепілдік беру жайы негізделеді.

62. Жоғары оқу орындарында және ғылыми мекемелерінде докторантураны ашу жөніндегі қорытынды жасауда ЖАК докторантурада жоғары білікті мамандар дайындауға қойылатын, сонымен қатар, профилі бойынша ғылыми семинар жүргізетін ғылыми мамандықтарға міндетті жағдайдағы біліктілік талаптарын басшылыққа алады.

63. ЖАК қорытындысы үшін өтініш-кепілдемеге мынадай құжаттар тапсырады:

1) докторантура ашуды ұйғарған ғылыми мамандықтары көрсетілген мекеменің ғылыми кеңесінің шешімі;

2) әрбір ғылыми мамандық бойынша дайындайтын ғылым докторларының үштен кем болмауы және сол мекемеде тұрақты жұмыс істейтіндігі туралы анықтама;

3) ғылыми-зерттеу және материалдық-техникалық база бойынша тиісті мамандық сипаттамасы;

4) докторанттар дайындау бағдарламасы.

64. Докторанттар бағдарламасын тиісті диссертациялық кеңестер жасайды және ЖАК-да бекітіледі.

65. Докторантурада ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандар даярлау мерзімі тек күндізгі оқу түрі бойынша үш жыл мерзімге жүзеге асырылады.

Докторантурада оқу мерзімі ғылыми-педагогикалық жұмыс өтеліне кіреді. Докторлық диссертацияны дайындау үшін кандидатты мекеменің ғылыми кеңесінің шешімімен аға ғылыми қызметкер қызметіне екі жыл мерзімге ауыстырады.

66. Ғылыми кеңес докторанттың диссертациясының тақырыбын, дайындау бағдарламасын және жеке жұмыс жоспарын докторантураға қабылданғаннан кейін үш айдан кешіктірмей бекітеді.

67. Докторантураға диссертациялық зерттеулер жүргізуде көмек көрсету үшін сол оқу орнының немесе салалас мекемелердің жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандары арасынан ғылыми-кеңесші тағайындауға болады.

68. Ғылыми-кеңесшіге ақы төлеу бір докторантқа жылына 50 сағат есебінде белгіленеді.

69. Мекеменің ғылыми кеңесі докторанттарды жыл сайын аттестациядан өткізіп отырады. Диссертациялық дайындау жұмыстарының жоспарын орындамаған докторант докторантурадан шығарылады.

70. Докторант докторантурада оқыған кезінде диссертацияны аяқтап, көкейкесті тақырып бойынша өзінің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін ғылыми басылымдарда жариялап, алдын-ала саралаудан өткізіп, қорғау үшін диссертациялық кеңеске тапсыруы тиіс.

71. Егер докторлық диссертация кандидаттық диссертациядан басқа тақырып бойынша жазылған болса, онда докторант докторлық диссертация профиліне сәйкес мамандық бойынша кандидаттық емтихан тапсыруы тиіс.

72. Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын докторанттарға стипендия заңда көзделген мөлшерде төленеді.

73. Докторанттарға жыл сайын стипендиясы сақталатын екі айлық демалыс беріледі.

Тыс жерден келген докторанттарға жайлы-қонақ үй үлгісіндегі жатақханадан жеке бөлме беріледі, оның төлемін докторант өз есебінен төлейді немесе оқуға жіберген мекеме есебінен жүргізіледі.

74. Докторантураны бітірген мамандар өздерін жіберген мекемеге қайтып баруға міндетті. Жіберген мекемеге жұмысқа бармаған жағдайда олар докторантурадағы дайындыққа кеткен шығынды өздері төлеуге тиіс. Төленуге тиісті шығынды жұмысқа алған мекеме төлей алады.

5. Жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін ғылым кандидаттарын докторлық диссертацияларын дайындау үшін аға ғылыми қызметкерлер лауазымына ауыстыру тәртібі

75. Теориялық және қолданбалы көкейкесті зерттеулер бойынша едәуір нәтижеге ие болған ғылым кандидаттары докторлық диссертация жазу үшін, өз еркімен аға ғылыми қызметкер ретінде екі жылға дейінгі мерзімге ауыса алады.

76. Аға ғылыми қызметкер лауазымына үміткер ғылым кандидаты өзі жұмыс істейтін жоғары оқу орнының ректорының атына диссертациялық жұмысына қажет мерзім мөлшерін көрсете отырып, өтініш жазады және оған:

- 1) жұмыстың орындалу кестесі көрсетілген жоспары;
- 2) жарияланған ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының тізімі;
- 3) ғылым кандидатын ғылыми қызметкер жұмысына ауыстыру үшін берген тиісті кафедраның қорытындысы қоса тіркеледі.

77. Жоғары оқу орнының ғылыми кеңесі аға ғылыми қызметкер жұмысына ауыстыру мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды және докторлық диссертацияның орындалу мерзімін анықтайды.

78. Аға ғылыми қызметкер жұмысына ауыстыру ректордың бұйрығымен ғылыми қызметкерлердің белгіленген саны шеңберінде жүзеге асырылады.

79. Аға ғылыми қызметкерлердің санын жоғары оқу орны бағынатын тиісті министрлік, ведомство белгілейді.

80. Педагогикалық жұмыстан босатылған ғылым кандидаттары - оқытушылар ғылыми қызметкер болып ауысуына байланысты ғылыми мекемелеріне немесе жетекші шетелдік орталықтарға (тиісті шет тілін білген жағдайда ғана) соңғылардың (осы аталған мекемелердің) келісімімен жолсапарға бара алады.

81. Жіберуші жақ белгіленген тәртіпке сәйкес аға ғылыми қызметкерге еңбек ақысын төлейді.

82. Аға ғылыми қызметкер лауазымына ауысқан қызметкерлерге жалақысы ғылыми мекемелердің аға ғылыми қызметкерлерінің қызметтік жалақысы көлемінде белгіленеді. Аға ғылыми қызметкердің жолсапарға келуіне келісім берген жоғары оқу орны, ғылыми мекемелері оған жұмыс істеу үшін жағдай жасайды, ғылыми консультант береді және оның жұмысын қадағалап отырады.

Жыл аяғында аға ғылыми қызметкерлер аттестациядан өтеді. Оның қорытындысы бойынша жоғары оқу орнының, ғылыми мекемелерінің ғылыми кеңесі оларды келесі жылы ғылыми қызметкер ретінде қалдыру-қалдырмау мәселесін қарап, шешеді.

Басқа жоғары оқу орындарына, ғылыми мекемелеріне жолсапарға жіберілгендер өздері есепке тұратын жоғары оқу орнына аттестацияның қорытындысын немесе сол жерден өзінің есебін жібереді.

Аға ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеу мерзімі бітісімен, ғылым кандидаты өзінің ғылыми зерттеуін докторлық диссертация көлемінде жоғары оқу орнының, ғылыми мекемесінің ғылыми кеңесіне беруі керек.

83. Аға ғылыми қызметкерлер қатарына ауысқан оқытушылық құрамның орнына белгіленген тәртіп бойынша конкурс негізінде басқа адамдарды алуға болады.

84. Аға ғылыми қызметкер жұмысына ауысқан адамдардың бұрынғы қызметіне қайтадан келуіне құқы бар.

85. Аға ғылыми қызметкер болып ауысқан адамдарға 24 жұмыс күндік еңбек демалысы беріледі.

86. Аға ғылыми қызметкерлік жұмысқа ауысқан адамдарға докторантураға түсу үшін және докторлық диссертацияларын бітіргенше шығармашылық демалыс алу құқығы берілмейді.

6. Ізденушілер түрінде ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді даярлау тәртібі

87. Аспирантурадан тыс диссертациямен ғылым кандидаты дәрежесі үшін ізденушілер (мәтінде бұдан әрі - ізденуші деп аталады) жоғары білімі бар немесе ғылым магистрі дәрежесі барлар ғана бола алады.

88. Ізденушілер философияны, шет тілді және арнаулы пәндерді теориялық түрде тереңірек оқу үшін, кандидаттық диссертацияны дайындау және қорғау үшін сол тиісті пәндер бойынша аспирантурасы бар жоғары оқу орындарына, ғылыми мекемелеріне бекітіледі.

89. Ізденуші ретінде тіркелу мерзімі 4 жылдан аспау керек.

90. Қатарынан бірнеше жоғары оқу орындарында, ғылыми мекемелерінде ізденуші ретінде тіркелуге рұқсат етілмейді.

91. Ізденуші ретіндегі уақытын толық пайдаланғандарға қайтадан тіркелуге болмайды, ал бұл мерзімді ішінара пайдаланғандар жұмсалмай қалған мерзіміне тіркелуге құқы бар.

92. Аспирантураның толық курсы немесе стажировканы бітіргендерге ізденуші ретінде тіркелу құқы берілмейді.

93. Жоғары оқу орнына, ғылыми мекемеге бекітілу үшін ізденуші сол мекеменің басшысының атына өтініші:

- 1) жарияланған ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің тізімін;
- 2) диссертациялық жұмысының кеңейтілген жоспарын;
- 3) жоғары оқу орнын бітіргені туралы дипломының көшірмесін;
- 4) кадрлар есебі жөніндегі жеке парағын;

5) егер кандидаттық емтихандарды тапсырған болса, онда сол жөніндегі куәлікті өткізеді.

94. Жоғары оқу орнының, ғылыми мекеменің басшысы ізденушімен өткізілген пікірлесудің нәтижесі мен тиісті кафедраның (бөлімнің, сектордың, лабораторияның) қорытындысы негізінде ізденушіні бекіту туралы, мерзімі мен ғылыми жетекшісін бірге көрсете отырып, бұйрық шығарады.

Ізденушілердің ғылыми жетекшілері, әдеттегідей, ғылым докторлары немесе профессорлар қатарынан тағайындалады. Жекеленген жағдайларда жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелерінің ғылыми кеңестерінің шешімдерімен ғылыми кадрларды аттестациялау департаментінің келісімімен ізденушілердің ғылыми жетекшілігіне мамандығы сәйкес келетін жетекші доценттерді, ғылым кандидаттарын тартуға болады.

95. Ізденушілер жеке жоспарлары бойынша жұмыс істейді, мезгіл-мезгіл есеп береді және жыл сайын жоғары оқу орнының кафедрасынан, ғылыми мекемесінің бөлімінен (секторынан, лабораториясынан) аттестациядан өтеді. Жеке жұмыс жоспарын орындай алмаған ізденуші оқудан шығарылады.

96. Жеке жұмыс жоспарына сәйкес ізденушілер де аспиранттар сияқты өздері бекітілген жерден барлық қажетті жұмыс жағдайларын пайдалана алады. Ізденуші жұмыс істейтін жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің басшылары оларға диссертациямен жұмыс істеу үшін жағдай жасайды.

97. Ізденушілер бекітілген мерзімдері ішінде:

- 1) жеке жұмыс жоспарын түгелдей орындауы, ғылыми-зерттеу жүргізудің методологиясын меңгеруі тиіс;
- 2) тиісті курстар (пәндер) бойынша кандидаттық емтихандар тапсыруы керек;
- 3) алдын-ала қорғаудан өтуі қажет.

Тиісті емтихандарды тапсырған және өз бетімен ғылыми-зерттеу жұмысын орындаған ізденушілер ғылым кандидаты ғылыми атағын алу үшін диссертация қорғауға жіберіледі.

98. Ізденушілердің тізімін есепке алып, олардың жұмысын бақылау сол тіркелген жердегі аспирантура бөліміне жүктеледі.

99. Кандидаттық және басқа да емтихандар мен диссертациялық жұмыс бойынша кеңес бергеніне ғылыми жетекшіге еңбек ақы бір жылға әрбір ізденушіге шаққанда педагогикалық жүктеменің 25 сағатынан кем болмайтындай өлшемде төленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК